Араб сиқыршылары, астрологтер *Айды қасиетті шырақ* деп санады, өйткені ол адам тағдырына ықпалын тигізеді-мыс. Сондықтан Айдың тууы мен толуына қарап солар бал ашатын. Ислам діні шықпас бұрын *жарты Ай таңбасы түнгі жарықтың белгісі* ғана болатын.

Ай культiнiң бiрнеше таңбалық символдары бар, олар: Мұсылмандардың қасиеттi таңбасы – жарты Ай таңбасы. Ай мұсылман мешiттерi мен бейiттердiң төбесiне қойылатын әуақтармен жалғастырушы символдық белгi. Ай, Күн, Жұлдыз космогониялық таңбалар кеңiстiкте тұрақтылық рәмiзiн бiлдiредi. Аспан денелерiмен адамдардың өмiрi тығыз байланысты болған. Аспандағы аққан жұлдыз наным-сенiмдерде адам өмiрiнiң сөнuiн тұспалдайды. Қазақтар XIX ғасырда Айды құрметтеп, жаңа туған Айды көргенде үш рет орнынан тұрып, үш рет бас иетiн болған. Жазғы уақытта Айға тағзым еткен жерiндегi шөптен жұлып алып, үйге кiргiзiп, отқа тастайды екен. Келе-келе оны ислам дiнi өз ритуалдарының бiрiне айналдырған. Ай Күнмен қатар, кейде тiптi одан да жоғары орын алатын болды. Соғыстара «ай балталар» қолданылған, мешiттер мен зираттарға «ай орақтары» орнатылған.

Сонымен, жарты ай таңбасы өгiз мүйiзiн де белгiледi. Орта Азия мен Едiл бойын мекендеген халықтардың дiни нанымдарында өгiзге табынушылық басым. Аспан көгiндегi дәл осы көрiнiстi Қазақстан жартастарына шимайланған петроглифтерден – мүйiзiмен Күн көтерiп тұрған алып Көк өгiздердiң суреттерiнен көруге болады. Бiздiңше, бұл сцена арқылы ежелгi түрiктер аспан белдеуiндегi Күннiң жолы Жерге келген Жаңа жылдың символын бейнелеген.

«Өгiз» айдың символы дедiк. Оның таңбасы 30-40 мың жыл бұрын салынған. Палеолит дәуiрiнде «Өгiздiң (Бұқаның)» бейнесi алғашында табиғи натуралды түрде, яғни бояулармен салатын болған [1]. Бұндай бейнелер көбiнесе үнгiрлерде сақталынды, мысалы Францияның оңтүстiгiнде табылған Аль-Тайр үнгiрiнде бояумен салынған суреттердi айтуға болады. Бұндай суреттер Ресей жерiндегi Орал өңiрiнде табылған үнгiрлерде көптеп кездеседi. Кейiннен бұқаның бейнесi схемалық түрде берiле бастады. Бұндай бейнелер неолит дәуiрiнiң соңында салына бастады. Адамдар бұрын мыңдаған жылдар бойы айға табынды. Ал, өгiз айдың жердегi елшiсi ретiнде қарастырылды. *Өгiздiң мүйiзi айдың символы.* Өгiзге табынушылық суға және Айға табынушылықпен тығыз байланысты болды. Таяу Шығыс халықтарының өнерiнде *өгiздiң мүйiзi Ай құдайының бейнесi* деп түсiнiлдi. Бiртiндеп адамдардың тұратын жерi ауысып, жерде климат өзгердi. Олар қыс бойы зарығып күннiң жылуын күтетiн болды. Адамзат уақыт өте айға табынудың орнына күнге табына бастады. Көктемде күн мен түн тенелген кезде үлкен той жасалынып, күн құдайына бұқаны құрбандыққа шалды. Бiрте-бiрте күнге табыну пайда болды. Сонымен әлемдi билеп, жерге тiршiлiк сыйлап тұрған Күн мен Ай деп түсiнген ертедегi адамдар оны құдай деп бiлдi де, оның мейрiмiн өздерiне көбiрек аудару үшiн табынды, құрбандық шалды. Сонымен *ай мен күннiң культi* пайда болды. Ал жас балалардың маңдайына қанмен дөңгелек салу дәстүрi – Күндi құрметтеуден туған көне ырым.

Сол сияқты, барлық моңғол және түрiк тектес халықтардың ертегiлерi мен аңыздарында да өгiз күш пен күдiреттiлiктiң бейнесiн бередi. Көне заманнан келе жатқан ұғым бойынша Жер көк өгiздiң мүйiзiнiң үстiнде, өгiз балықтың үстiнде, балық суда, су әуеде дымқылдық үстiнде орналасқан. Егер өгiз басын шайқап қалса немесе жердi бiр мүйiзiнен екiншi мүйiзiне ауыстыра қойса, онда Жер сiлкiнедi-мыс.

Ай символикасы қазақтың *бұғы, марал, арқардың мүйiзiнде* бейнеленген. Ежелгi ата-бабаларымыз бұғыны, маралды, арқардың мүйiзiн, қасиеттi, киелi санаған. Олар үйге әр беретiн текемет, сырмақ, түскiз жасап ғана қоймай, оларға аң, құс, жан-жануарлардың фантастикалық, шынайы бейнелi түрлi композициялар салған. Жан-жануарлар дүниесiн бiлдiретiн ою-өрнектер: *«қошқармүйiз», «сыңармүйiз», «сынықмүйiз», «қырықмүйiз», «кiлтмүйiз», «арқармүйiз», «бұғымүйiз», «маралмүйiз»* және аспан әлемiн, жер, дүние сырын суреттейтiн ою-өрнектер: *күн, шеңбер, жұлдыз*, т.б. салған. Мәселен, «Қозы-

Көрпеш–Баян сұлу» эпопеясындағы Сарыбайдың буаз маралды атуы, соның киесінен өлуі не болмаса арқар мүйізін қасиетті санап іліп қою немесе халықтың қолөнерінде сақталып келе жатқан «қошқар мүйіз» деп аталатын оюдың шығуы да сол киеге байланысты.

Айдың дөңгелек, орақ тәрізді бейнесін алтайлықтардың ағаштан ойылып жасалған көне ескерткіштерінен де көруге болады. Жануар мен аңдардың бұлшық еттеріне *космогониялық таңбалар* салынған. Бұғылардың басын денесінен үлкейтіп көрсету, мысық тектес аңдардың «ауызын құлағына дейін сызып», «ауызын арандай аштырып», «үстіңгі ерні қатпарланған жыртқыш аңды» бейнелеу сақ шеберлеріне тән құбылыс. Сақ шеберлерінің бейнелеу өнердегі ерекше мәнері, аң, құс, жануарлардың шынайы, мифтік бейнелерінің көзін дөңгелек қылып беру. Аң, жануардың алдыңғы иығына, артқы жамбасына, қабырғаларына космогониялық таңбалар түрлі нұсқада кездеседі. Сақ мәнерінде қосымша бейнеленетін таңбалар: *жақша, дөңгелек, үтір* [3].

Жалпы, қазақ *шаңырақты* қасиетті санаған. Шаңырақты сом қайыңнан иіп, қоспаларын қиыстырып, шегемен ұстатады. Шаңырақтың өн бойын өрнектермен немесе «қошқар мүйіз», «кілт мүйіз» оюлармен безендіреді. Киіз үйге күмбезді түр беріп, түндікті көтеріп тұру үшін шаңырақты кере *жарты ай бейнелі шыбықтарды* иіп әкеп, айқастырып, шеңберге бекітеді. Мұны «*күлдіреуіш*» деп атайды. Күлдіреуіш арқылы үйге жарық түседі, түтін шығады.

Жылан бейнесі – Айдың символы. Жылан бейнесі бір кездері аспан денелеріне сәйкестендіріліп, *Кун мен Айды да, жұлдыздарды* да «жыландар» деп түсіну болған. Мәселен, жыланға тән қайта тірілу, қайта жандану – түнгі аспандағы Айдың да функциясы, бұл жағдайда Ай мен жылан бір-бірімен шендес болып шығады, дәлірек айтқанда Ай – жыланның аспандағы таңбасы болып табылады. Ай – аналық құрсақтың тіршілік туғызушысы циклінің, яғни туу мен өлудің қожайыны әрі әміршісі [4].

Айдың символы – дөңгелек айна. Сақтардың космогониялық таңбалары бейнеленген *қоладан жасалған айна* Минусинскіде табылған. Қола айнаның бетіне симметриялық түрде көне түркі руника жазуының таңбалары және сақ (скиф) діни дүниетанымында көп қолданылатын *космогониялық ай, крест таңбалары мен ирек сызықтар* салынған. Қола айнаны сақтар бал ашу үшін қолданса, ал арнайы рәсімдер өткізуде бұл айна шамандардың сиқырлы құралы болған. Сондай-ақ, қола айналар сақ қорғандардың барлығында, әсіресе әйелдер жерленген обаларда кездеседі. Қола айналар ежелгі адамдардың түсінігінде магиялық әсері бар сиқырлы құрал.

1970 жылдардың басында Алматы түбіндегі Есік қорғанынан табылған «*Алтын адамның*» түстік символикасын түсіндіруде Ә.Ақышев солтүстік кавказдық миф мысалын келтіріпті: «В осетинских нартах Созырыко, солярная природа доказана Ж.Дюмезилем, носит «талисман, сверкающий как солнце»; действие этого талисмана подобно действию третьего глаза Шивы, испускающего всеуничтожающее пламя. Созырыко кабардинцы называют *Золотым человеком* и говорят, что *верхушка его шапки – солнце*. Ж.Дюмезиль справедливо сопоставляет образ Созырыко с Митрой» [5]. Яғни, «Алтын адамның» баскиімінің түстік символикасы: алтын айдар сияқты алтын бас киім де – *Күннің белгісі, күнтектілікті* білдіреді, ал таздық, таз бастық, қасқалық, айбастық – *Айдың белгісі, айтектілікті* білдіреді екен.

«Алтын адамның» бас киімінде ешкі мүйізі бар, алтын қанатты (крылатый конь с козлиным рогом) екі аттың кескіні бар, олардың арқаларынан төрт алтын жебе «өсіп шыққан» [6]. Мұндағы *ешкі мүйіз де айдың белгісі*.

Ай – ру-тайпа аттарының да символы. Дөңгелек таңба немесе шеңбер, жарты ай немесе орақ тәрізді ай таңбасы ру-тайпа аттарының да таңбалары болған. Мәселен,

шапырашты, қаңлы, сарыжомарт (орақ тәрізді) \mathcal{D} жарты ай, арғын $\bigcirc\bigcirc$ (көз таңба), дулат руы \bigcirc (дөңгелек) дөңгелек шеңбер тәрізді, кыпшақ руы $\mathcal{D}\mathcal{C}$ (екі жарты ай) қос ай таңбалармен берілген.

Ай культінің тілдік репрезентанттары қазақ тілінде, сондай-ақ түркі тілдерінде бай әрі әр түрлі лексика – фразеологиялық қабатты қамтиды.

Ай – халық ұғымында *сұлулықтың, нәзіктіктің символы*. Ай мерзімі әдетте төрт ширекке бөлінеді: айдың бірінші ширегі – толық ай, одан кейін – жарты ай, екі айдың арасы – өлі ара, соңғы ширегі – жаңа ай. Бұлардың ішінде де *толған ай мен жаңа туған ай* ерекше ауызға алынады. Мәселен, *«толған айдай», «туған айдай иілу», «туған айдай балқу», «туған айдай толқу», т.б. «Он төртінде туған айдай», «он бесінде туған айдай», «ай мен күндей сұлу», «ай мен күндей нұры бар», «айдай таза, күндей нұрлы»* деген сияқты фразалар сұлулықты, нәзіктікті білдіреді.

Қазақтар ажары асқан сұлу қызды *«ай десе – аузы, күн десе – көзі бар»* немесе *«он төртінде туған айдай» және «он бесте (бесінде) туған айдай»* деп суреттейді. Мысалы: Нөкер үйге келіп, босағадан сығаласа, бірінен бірі асқан *айдай сұлу* екі қыз отыр екен дейді /М.Дүйсенов. Ғасырлар сыры/. *«Он бесте туған айдай боп, Қызыл күрең ірені /Батырлар жыры/. Сұлу қызды аспандағыдай ай мен күнге, жұлдызға теңеу* «Мұхаббат-наме» мен қазақ поэзиясының арасындағы жақындықтың бар екенін көрсетеді. Мысалы: Пері сұлуларының көрікке байы, Жүзің – наурыз, қасың – мейрам айы («Мұхаббат-наме»). Ақ бетің *он төртінен туған айдай* /Халық өлеңі/. Бәрі сенің бір өзің, *Күн, ай, жұлдыз* – дәл көзің /С.Торайғыров/. *Айым да сен Ғалия, күнім де сен, Оң қабағым тартады күлімдесең... /Балуан Шолақ/. Ажары ақ бетіңнен асқан айдан... /Ш.Бөкеев/.* Ай әр айдың он төртінші жұлдызында шартабақтай болып, әбден толысады. Сол себепті де халқымыз осы күнді *«он төртінші жұлдыз»* демейді, *«айдың бір жаңасы»* дейді. Демек, бұрыннан бері жаңа туған айдың алғашқы күні деп есептелген болуы керек.

Ай мен Күн сұлулығы бірінен бірі өткен – қыздар екен. Бірақ Ай сұлуырақ болса керек. Айдың ажары өзінен асқанын қызғанып, Күн оның бетін тырнап алыпты. Ай бетіндегі дақ осыдан қалған деген аңыз бар.

Айға байланысты: *«ай тұтылу», «бетін айдай қылу», «ай қарап отыр ма (жүр ме), «айды аспанға бір шығарды», «оң жақтан айы, сол жақтан күні туды», және «Айдың да жартысы жарық, Жартысы қараңғы»; «Ай түнде керек, Ақыл күнде керек»; «Ай жарық – Қоян арық», «Ай туса да соның бағына, Күн туса да соның бағына», т.б. мақал-мәтелдер Айды құрметтеуге байланысты туындаған.*

Тілімізде *айға* байланысты фразеологизмдер белгілі наным-сенімге, мифтік аңыздарға негізделіп қалыптасқан: *«айың оңынан тусын», «алдыңнан күн, артыңнан ай тусын», «алдыңнан ақ күн тусын», «жұлдызың жоғары болсын», «толған айдай толықсып», «айды аспанға бір шығарды», «оң жақтан айы, сол жақтан күні туды», «ай тұту», т.б. «Айдай жарық», «айдай анық» «айдай сұлу», «айдай болған ақ жез», т.б. теңеулер де бар. Мысалы: *Толған айдай толықсып, Ақ сазандай бұлықсып, Бұралып кетіп барады, Неше алуан қылықсып /«Қыз Жібек»/. Келесі үйде бір айдай сұлу келіншек отыр /Қазақ ертегілері/. Сондай-ақ, «бетің айдай болғыр», «бетін айдай қыл» тәрізді қарғыс мәнді тіркестер де кездеседі.**

Халқымызда *Ай тотеміне* байланысты туындаған есімдер ертеден жалғасып келеді. Олар: Айсұлу, Айым, Айтолған, Айтолқын, Айтуған, Айкүміс, Айжан, Айғаным, Толғанай, Айнұр, Айгүл, Айзада, Айқыз, Айкөз, Айбике, Аймұрат, т.б.

Қорытынды. Культтік ұғымдағы тіл бірліктері өзіне тән таңбалық символдар құрайтын күрделі таңбалар жүйесі болып табылады; олардың бір-бірімен байланыстылығы лингвосомиотикалық тұрғыдан ерекше мазмұнға ие. Жоғарыда келтірілген материалдар

бойынша, Ай культiнiң символы ру-тайпа аттарында, сақ патшасының бас киiмiнде, жылан бейнесiнде, өгiз, бұғы, марал, арқардың мүйiзiнде белгiленген, ал жарты Ай танбасы түнгi жарықтың белгiсi және мұсылмандардың қасиеттi танбасы. Түрki халықтарының ұғымында Ай – сұлулықтың, нәзiктiктiң символы. Қазақ халқы Ай культi тек жанға ғана емес, төрт түлiк малға да әсер етедi деп түсiнiп, өзiнiң жақсы көретiн немесе киелi деген малдарының мүйiзi мен тұяғын айға ұқсатқан.

Қазақстан территориясында көп кездесетiн петроглифтердегi мифтiк кейiпкерлердiң iшiнде Айдың, Күннiң де символдық бейнесi жиi кездеседi. Осы көрiнiстерден адамдардың қол созып, Айға, Күнге жалбарынып жатқанын символдық көрiнiстерi көрсетiледi. Және Ай да, Күн де – халық ұғымында сұлулықтың, нәзiктiктiң, жылылықтың, көркемдiктiң символы.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Сулейменов О. Язык письма. -Алматы-Рим. 1998 -Б.239-240. -Б.47-53.
- 2 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. –Алматы, 2004. 2 бөлім, -Б. 304.
- 3 Өмірбекова М. Сақ (скиф) тарихы мен мәдениеті. -Алматы, 2004. -Б.64-65.
- 4 Дж.Кембелл. Маски Бога. Западная мифология. Дж.Ф.Бирлайн. Параллельная мифология. -М., 1997. -С.89.
- 5 Акишев А. Искусство и мифология саков. -Алматы, 1984. -С.139.

Резюме

В статье показаны символические знаки культа Луны, появившиеся в древние времена. Символ культа Луны обозначен в именах племен-народов, в образе змеи, быка, оленя, марала, на роге архара. Луна – символ нежности и красоты.

Resume

This article shows the symbolic signs of the Cult of the Moon appeared in ancient times. The Cult of the Moon symbol denotes names of tribal peoples as a snake, bull, deer, red deer, the horn of argali, the Moon as a symbol of tenderness and beauty.

УДК 821.512.122

Ш.ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ МЕН М.Ж.КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АЙТЫС ЖАНРЫ

А.О. ТОҚСАМБАЕВА

филология ғылымдарының кандидаты,
Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің доценті,
Семей қ.

Ғ.Қ. ИСМАИЛОВА

филология ғылымдарының кандидаты,
Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің доценті,
Семей қ.

Аннотация

Мақалада автор өздерінің шығармашылық жолын ХІХ ғасыр соңында бастаған Ш. Құдайбердіұлы мен М. Көпейұлындағы айтыс жанры хақында. Мақалада қос ақынның шындық өмірде болған-болмаған айтысын көркем

шығарма етіп жазу – Абай шәкірттерінің арасында кең тараған әдеби үрдіс екендігін атап көрсетеді. Сонымен қатар мақалада тақырыпқа байланысты әр түрлі пікірлер келтіріліп, ол мысалдармен толықтырылады. Сол дәуірде әдеби айтыс жанрына өзіндік қаламгерлік үлесін қосқан ақындар қаншалықты көп болғанымен, Шәкәрім мен Мәшһүрдің туындылары ешқайсысымен салыстыруға келмейтіні де баса айтылады.

Түйін сөздер: Діни-ағартушылық, процес, айтыс, «Қыс пен жаздың айтысы», «Жұмақ пен тамұқ», «Рух пен нәпсі қағысуы», «Қарашекпен мен қасқырдың» айтысы, «Қаракұс һәм адам», «Жан мен тән», «шабдар атпен, тырнамен, ала қарғамен айтысы», «Бай, Бәйбіше айтысы» т.б.

Өздерінің шығармашылық жолын XIX ғ. соңында бастаған Ш. Құдайбердіұлы мен М. Көпейұлы нәр алған арналардың бірі – қазақ ауыз әдебиеті. Әдебиет тарихын жеке тұлғалар емес, белгілі бір мүдделес қаламгерлер тобы жасайды десек, екі әдебиет алыбы өмір сүрген дәуірде қалыптасқан діни-ағартушылық ағым мен оның танымал өкілдері: Ақмолла Мұхамедиярұлы, Мақыш Қалтайұлы, Нұржан Наушабайұлы, Әубәкір Кердері, Шәді Жәңгірұлы т.б. ұлт әдебиеті тарихында өшпес із қалдырды. «Өйткені, бұл жоғарыда аттары аталған ақындар – ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетін жақындастырып тұрған алтын көпір» [1] болды.

У. Қалижанұлы орынды атап көрсеткендей, бұрыннан қалыптасып, канонданған халық ауыз әдебиетінің классикалық үлгілерін, шығыстық нақышы мен ұлттық тұрпатын бұзуға Ш. Құдайбердіұлы мен М. Көпейұлы еш тырысқан жоқ, қайта оны жаңа дәуір аңысына орай жанрлық формасы мен көркемдік айшығы жағынан замана талабына бейімдей білді.

Біз осы жерде қос ақынның шығармашылық процесін бірлікте ала отырып, ал ауыз әдебиеті жанрларын өз бетімен игеруін дербестікте қарастыратын боламыз. Көркем әдебиет өзінің ұзақ дамуы барысында ұлт әдебиетінің ұлы қаламгерлеріне әлеуметтік-тарихи негіздік тағантас қалыптастырды. Оның қайнар көзінде әр ұлттың көнеден тамыр тартқан халық ауыз әдебиетінің жауһарлары жатыр. Әр дәуір өзінің тамаша туындыларын сол кезеңінің қалыптасқан қоғамдық жағдайларына орай дүниеге әкеліп отырады. Оның бастау көзінде халық әдебиетінің үлгілерінің жаңаша түрленуі жатыр деуге болады. Осының бәрін байыптай отырып, өнер мен әдебиет дамуындағы жалпы заңдылықтар мен ұғым-түсініктерге кеңірек тоқтала кеткеніміз жөн. Біз қос ақынның ұстанған діни-ағартушылық бағытына сай өздері жөн деп санаған ауыз әдебиеті үлгілері айтыс, мысал және тарихи жырларды шығармашылық процесс үстінде тиімді қолданып, дәстүр мен жаңашылықтың ара жігін таныта білді. Себебі қазақ әдебиетінің тарихында қаламгерлер өмірге әкелген әдеби туындылардың мазмұны ауыз әдебиетіне қатысты түрлі сипатта, қилы жанрлық өзгешілікте көрініс тауып отырды. Дәстүр жалғастығы әуелі орыс отаршылығында ашық қарсы шығуда фольклорлық формулалықты ашық көрсетсе, Ш. Құдайбердіұлы мен М. Көпейұлы шығармашылық ғұмыр кешкен тұста астарлай ой білдіруге ауысты. Азаттық әуені ендігі жерде бұрынғыдай асқақ емес, бүгінгіні мансұқтап, өткенді аңсайтын құмыққан әуезеге алмасты.

Қос ақынның шындық өмірде болған-болмаған айтысын жеке көркем шығарма етіп жазу – Абай шәкірттерінің арасында кең тарған әдеби үрдіс. Осы тұрасында А. Байтұрсынұлы: «Шын айтыстар емес шығарма айтыстар қазақта да соңғы кезде шыққан»[2],- деген пікірі біршама орынды. Себебі, ауыз әдебиетінің озық үлгісі саналатын айтыс өнері көне түркі жазба әдебиетінде ертеден қалыптасқан. Оны ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшелігі ретінде кәдеге жаратқан түркі халықтары ішінде тек қазақтар ғана болды. Басқа бауырлас халықтарда бұл аралас жанр ретінде ғана поэзия жанрында синкреттілік тұрпатында көрініс берді. Алыстан көзей айтар болсақ, қазіргі әдебиеттанушылық жіктеуде мысал айтысына жатқызылатын айтыс түрі М. Қашқаридың еңбегіндегі «Қыс пен жаздың айтысы», А. Иссауидағы жұмақ пен тозақ айтыстары барлығын ескерсек, айтыстың көркем шығармалық түрі санатында ертеден поэзиямызға енгенін дйттей аңғару еш қиын емес. Айтыс үлгісін пайдалану С. Бақырғани поэзиясына да тән әдеби құбылыс. Осы ақынның «Жұмақ пен тамұқ», «Рух пен нәпсі қағысуы» деген өлеңдері, әлбетте, өзіне дейінгі дайын әдеби үлгінің рухани жалғасы.

Мұсылманша толық білімді қазақ әдебиетінің жаңа буыны енді түркі конондылығының әдеби үрдісін қайыра жанартқан кезеңде айтыс та өзіне тиселі жаңа шығармашылық-көркемдік дамуға қол жеткізді.

Ел басына түсірген ақ патша отаршылдығының барша қайғысын ашып беру жолында, ел санасын бодансыздандыру жолында ұлттың архетиптік санасындағы көне жадыны ояту үшін ауыз әдебиеті үлгілеріне жүгіну аталған қаламгерлер тарапынан таңдап алынған құтты шығармашылық кадам еді. Біз М. Көпейұлының т.б. діни-ағартушылық ағым өкілдерінің көркем шығармашылығындағы идеялық бастау көзі мен қаламгердің қоғамдық ұстанымы төңірегінде ХХ ғ. эстетикалық көзқарасында ерекше із қалдырған ойшылдар А. Бергисон, З. Фрейд және Б. Корчениң тұжырымдары негізінде ой қозғайтын болсақ, «Санасыздық көңіл-күйдің әрекетін түсіну,- деп жазады Фрейд, – бірінші рет ақынның шығармашылық іс-әрекетінің мәнісін түсінуге мүмкіндік берді» [3] десе, аталған ғалымдардың пікірін жалғастырып, одан әрі тереңдетуші француз философы, неомитені (христиан ілімі мен жаңашыл жаратылыстану теориясына сүйенуші – курсив менікі А.Т.) Ж. Маритен: «Ақын осы интуицияны өзі сезінбейді, бірақ, ол – оның өнеріндегі ең айшықты нұр және ең маңызды қағидат болып табылады» [4] деген пікір айтады.

М. Көпейұлының айтыс жанрын өзінің көркем шығармашылығындағы идеялық бастау көз бен қоғамдық ұстанымы ретінде танытудағы саналылықтың да ролін жоққа шығаруға болмайды. Себебі: «Егер шығармашылықтағы емеуірін мен сауалды жоққа шығаруға тырысатын болсақ, онда жазушы бұл кадамға санасыздықпен барды деп ой түйюімізге тура келеді. Егер біреу маған «мен алдын ала жоспарсыз шығармамды бір демде жазып шықтым» деп кеуде соғатын болса, мен оны көп ойланбай «ақымақ» деп атар едім» [5] деп А. Чехов тегін жазбаса керекті. Кезінде өнердің идеялылығы турасында өз қарсыластарына Салтыков-Щедрин: «ой мен шығармашылық бір-біріне жау емес, ой – барша адами іс-әрекеттің басты да, біз қашып құтылмайтын маңызды факторы; шығармашылық болса, оның тірі образдар арқылы көрініс табуы... Осыдан-ақ біз олардың бір-біріне жаушылықта емес екендігін ұғуға тиіспіз» [6], деп-өз уәжін орынды білдірген болатын.

Бұл арада біз Мәшһүрдің басқаны емес, тап осы жанрды өз ойын оқырманы мен жұрттың назарына жеткізу үшін неліктен таңдағанын айыра білуіміз қажет.

Қаламгердің дүниетанымы туралы мәселе ең алдымен оның әлемді танып-түсінуі, шындық өмірдің сипаты мен құлстарын аша білу және оған қатысты ұстанымы төңірегінде танылады. Мәшһүр өзінің талант қарымына сай өз дәуіріндегі өмірлік процестердің күрделілігі мен тереңдігін басқаларға байқала бермейтін қырынан тантуда айтыс жанрын тиімділікпен пайдалана білді. Ол өмір құбылыстарын оймен қорытып, айтыскер ретінде көркем образдармен айшықтады. М. Көпейұлы өзі күә болған өмірлік процестерді зерделей отырып, оларды көркем образдарға айналдыруда өзі бақылағандарының барлығын емес, олардың ішіндегі ең маңызды, ең қызықты, ең керекті дегендерін таңдап алып, туындысына өзек етті.

Әдеби айтыс жанрын Абайдың ақын шәкірттерімен қатар қайыра түлетудегі М. Көпейұлының өзіндік шығармашылық үлесін қарастыруда ақынның сол дәуірдегі қазақ өмірінің қай қырына ерекше ден қойғандығын айыра білгеніміз жөн. Сондықтан Мәшһүр сияқты ірі сөз сүлейін қарапайым бақылаушы қатарына қосуға әсте болмайды. Ол замана ыңғайына орай түрленген, фольклордан ірге ажыратқан әдеби айтыс арқылы сол дәуірідегі сөз зергерлері шығармашылығында айқын аңғарылып тұратын түрлі әдеби ағым, түрлі эстетикалық ұстанымдардан тыс қалмайтын өзіндік көркемдік жүйені өмірге әкелді. Біз осы айтыстардың мазмұнан адам тағдырын, алаш тағдырын, ұлт зияларының өмірлік шындықты ізденуін, оны көркемдікпен игеруін аңғарамыз. Ескіні жаңалау оңай шаруа емес, осыны түсінген ақындарымыз бұрын ойын-тойдың ғана көркі боып келген фольклорлық айтыс жанрының жаңа мүмкіндігін танып, оған екінші тыныс бере білді. Енді ол бұрынғы ескі дәстүршілдік канондықтан арылып, өмірде болуы шарт емес, автордың қиялы мен шығармашылық кең құлаштылығына қатысты, ұстанған позициясы мен көтерген идеясына байланысты әлем әдебиетінде мүлде кездеспейтін ұлттық әдеби жанр өмірге келді. Оның бастау көзінде С. Торайғыров, Ә. Тәңірбергенов, У. Шоңдыбаев, М. Көпейұлы т.б. айтулы ақындар тұрды. Олар әдеби айтыс жанры арқылы өз заманының түрлі әлеуметтік мәселелерін көтерді. Қаламгердің батыл өмірді көркем жинақтау амалы мүмкін еместі мүмкін етеді. Ретін таба білген ауыз әдебиеті жанрын шығармашылық пайымдау әдеби жаңашылдыққа жол ашса, орынсыз фольклорға әуестік, А. Франстың «Маждани пайдасы жоқ көптеген тәжірибе жасады. Ол болжам дегеннен қатты қорқатын... ол күн сайын ит пен қоянның шек-қарынын ақтарып, ойсыз да, мәнсіз тәжірибесін жалғастыратын, бірақ ол алдына белгілі

бір мақсат қойып, еш нәрсе іздеген еместі» [7] деген түйіндеуіндегідей әдеби келенсіздікке бастап алып келеді.

Осындай келенсіздіктен ада ізденіс Абайдың ақын шәкірттері арасында көрініс тапты. Қазақ әдебиетінде көнеден тамыр тартқан шын шығарушысы, нақты авторлары бар екі ақынның сөз жарысы саналатын айтыстың әлеуметтік мәні алаш жұртшылығы арасында орасан болғандықтан да, XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында өмірге келген әдеби туындаларда айтыс үлгісі кеңінен пайдаланылып, енді айтыс көркем шығарманың өзіндік ерекшелігі бар ұлттық әдеби жанр түріне айналды. А. Байтұрсынұвқа тоқталар болсақ: «Айтыс бастапқы кезде шын екі ақынның айтысқаны болса да, соңғы кезде айтысты ақындар өз ойынан шығаратын болған. Яғни бір ақын екі ақынның айтысқаны қылып, екі жағының да сөзін өзі шығаратын болған. Сөйтіп айтыс шын айтыс емес, тек шығарманың түрі болуға айналған» [2].

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында мысал айтыстың үлгісінде жазылып, қазақ арасында кеңінен тараған Шораяқтың Омарының «Қарашекпен мен қасқырдың» айтысы туындысын, М. Дулатұлының «Қаракұс хәм адамын», С. Дөнентаевтың «Жан мен тәнін», М. Көпейұлының «шабдар атпен, тырнамен, ала қарғамен айтысы» деп бұл жанрда қалам тартқан ақындар мен шығармалар шоғырын ұзынсонар тізе беруге болады.

Осылардың ішінде ауыз әдебиетіндегі айтыс үлгісін шебер пайдаланған С. Торайғыровтың «Айтыс» поэмасы – біз жоғарыда сөз еткен әдеби айтыстың ең шоктығы биік, озық үлгісі деуге болады. Кеңестік кезеңде бұрыннан қалыптасқан осындай әдеби үлгі І. Жансүгіровтің «Бай, Бәйбіше айтысы» шығармасында және С. Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасында (ақ аю мен қара аюдың сөз тартысы), көрініс табуы айтыс жанрының көркем туындыларға арқау болуы – қазақ әдебиетінде жаппай қолданысқа түскенін байқататын әдеби құбылыс екендігін аңғартты.

Одан арыға ой жүгіртсек, ғұлама Абайдың «Жігіт сөзі» мен «Қыз сөзі» өлеңдері де айтыс түрінде жазылғандығын М. Әуезовте: «Бұл өлеңдерде ішкі сырларын сәлем хатпен, делдал арқылы айтысып отырған жастар көрінеді... Бұл өлеңдегі асықтар қазақтың анық Абай тұсындағы ауыл жастары. Солардың ішінде құда мен құдаша, бозбала мен бикеш сәлемдемесі» [8] жоққа шығармайды.

Айттым сәлем, Қаламқас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап

Келер көзге ыстық жас, -
деп үздіккен жігітке назды қыз өзінің де соны қалайтынын сездіреді:

Қиыстырып мақтайсыз,
Ойласаң не таппайсыз.
Бізде ерік жоқ өзің біл

Әлденеге бастайсыз.

Махаббат арлы жолында ибалы бойжеткеннің нақсүйері бозбалаға қояр талабы:

Үйір қылма бойыңа
Шыны жақсы көрмесең,-

болып табылады. Біз келтіріп отырған екі өлең тіні өз бойына қазақ өміріндегі жастық лебі мен ғашықтық іңкәрлігін сыйдырған айтыс элементтерін сіңірген. Оның тінін қыз бен жігіттің жауаптасуы құрып отыр.

Ауыз әдебиетінің озық үлгісі айтыс жанрын өздерінің туындыларына өзек етуі Абайдың шәкірттерінің шығармашылығына да жат емес. Оған мысал ретінде, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жайлаубайдың баласымен айтысы», Тұрағұл Абайұлының «Тұрағұлдың Матай елінің қызымен жауаптасуы», Әубәкірдің «Қайырбек пен келіннің айтысы», «Қыз бен өзі», «Бүркітімен айтысы» сияқты жанрлық жағынан мысал айтысқа жататын өлеңдермен қоса, Әріп Тәңірбергенұлының «Тәуке мен Ұрқия», Уәйіс Шондыбайұлының «Тәуке мен Жікібай» сияқты айтыс негізінде жазылған көлемді поэмалардың да дүниеге келуі – олардың айтыс жанрын шығармашылық процесс үстінде терең игеріп қана қоймай өзінше авторлық ізденістер жасағандығының орнын айқындайды.

1920-шы жылдары жазған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген мақаласында М. Әуезов: «Айтыс өлеңдерінің ерте күндегілері, ауызша әдебиетке кірсе де, бергі замандағы айтыстың ішінен ұзақ әңгіме тудыратын Наурызбай мен Біржан – Сара сияқтылары жазба әдебиетке кіреді. Екі кісінің айтысуынан, немесе екі кісінің жайынан туатын әңгімелер ертерек уақытта ағылшын әдебиетінде Грандисон, Ричардсон, Достоевскийдің уақыттарында туылған. Орыстардың «Бедные люди» деген

кітабында бар. Мұндай әңгімелерді эпистолярный роман деп атаған. Біздің айтыстардың көбі – осы эпистолярный роман түріндегі өлеңдер» [9],- деген салыстырмалы түрде сол кездегі өзі куә болған әдеби-көркемдік ізденістерге берген пікірінің жаны бар.

Ағартушылық ағым өкілдері және Абайдың ақын шәкірттері айтыс жанрын өз шығармаларына арқау ете отырып, өлеңінің бұрын жөнді игерілмеген жаңа бір қырына түрен салып, ұлттық әдебиетіміздегі соны бір әдіске жанартпашылық тұрпатта бара алды. Осы арқылы біз атап көрсеткен дәуірде шығармашылық ғұмыр кешкен ақындардың айтқан сөзі мен өмірден қорытқан ойының әлеуметтік салмағы арта түсті.

Әдеби айтыс жанрына өзіндік қаламгерлік үлесін сол дәуірде қоспаған ақын өте аз болды. Бұған мысал ретінде Шәкәрімнің 1880 жылдары жазылған «Жайлаудың баласы мен айтысқан өлеңі» деген туындысын дәлел ретінде келтірсек те жетіп жатыр. Ақын кішкентай ойын баласымен айтыса отырып, ойын қуған балалардың күнәсіз тентектігі мен мал деп, дүние деп бір-бірін қорқауша талаған ересектерді қарсы қоя, антизелей отырып, өз заманының қалыбынан сыр танытады. Автор айтыс жанрына жататын бұл өлеңін үш бөлікке бөліп, бірінші кірістірме шоғырында «өзінің балалардан алдануын» сөз етіп, негізгі шоғырда баланың аузына авторлық позициясы тұрғысынан ересектердің көкейіндегі ойын салып, сөз таластыру негізінде шындықтың шымалдығын түреді. Жауаптасудың салмағы өте ауыр, онда сол дәуірдің ащы әлеуметтік салмағы жатыр. Бала:

-Бұл заман біз түзелер заман ба еді,
Күнәдан үлкен кісі аман ба еді.
Сөз сөйлесең, мал демей сөйлемейсің,
Мал сенің атаң ба еді, бабаң ба еді? [10]- деп замана тірлігін танытады.

Айтыстың жазылмаған заңы жеңілген ақынның өз ұтылғандығын мойындауы осындай әдеби мойындау Шәкәрім жырымен төмендегіше төгіледі:

...Үйтсем де, бар мінімді бетке басып,
Бала қылды бетімді қара қотыр [10].
«Жайлаудың баласы мен айтысқан өлеңі» мынандай түйіндеумен аяқталады:
Бұл өлеңді жақтырмас замандасым,
Заманыма байлаулы менің басым.
Ойласам, өзімнің де қылығым сол,
Өкпелеме бұл сөзге, үш құрдасым.

Одан автордың айтыс элементін, ондағы аты аталған үш кейіпкерді (Әбдіяхмет, Таңсық қожа, Байділданы) неліктен оқиғалы өлеңіне арқау еткенін ұғынамыз.

Шәкәрім оқиғалы өлең тіліне айтыс элементін енгізе отырып, бала мен ересекті жауаптастыру арқылы елі ішін ен жайлаған қулық пен зорлықтың бетін ашуға тырысады. Ақ пен қараны, жақсылық пен жамандықты қатар бірілікте ала отырып, бір-біріне шендестіре қарсы қоя суреттеу негізінде алашына ғибадаттық жол көрсетеді.

Шәкәрімнің тағы бір оқиғалы өлеңі «Бай мен қонақ» үй иесі мен қонақ арасындағы айтыс негізінде өрбиді. Автор ел арасын жайлаған орынсыз қыдырмашылық пен сұрамшақтықты сын садағына алу үшін айтыс элементін шығарма тінінде сәтімен пайдалады. Бай үйіне келген құдайы қонақ қарынын тойғызып алғаннан кейін, байдан ақша сұрап, одан болмаған соң бір жыл мінуге аттың майын қолқалап, байды әбден мезі етіп, соңында сұрамшақтығынан ештеңе шықпаған соң, байға өкпелеп, кектеніп аттанып кетеді.

Шәкәрім тармақ соңындағы «дейді» қайталама референіне стильдік салмақ түсіре отырып, сұрамшақ жанның портретін үй иесі мен қонақты айтыстыра отырып тамаша сомдап шығады. Өлеңнің финалдық шоғырын:

Байда жазық, немеңе, малын сойды,
Қымыз ішті, шайменен етке тойды.
Қонағыңыз тым арсыз боды білем
Бай бермесе өз малын бермей қойды,-деп тамаша түйіндейді.

Шәкәрімнің айтыс элементтері араласқан өлеңдері осылайша автор ұйғарымымен адам бойындағы жағымсыз мінезді ашуға келгенде тағылымдық ауыр ой арқалап, ғибадатқа толы сөздермен түйінделіп отыратынын сезінеміз.

Абай айналысындағылар үшін айтыс элементін тиімді пайдалану өзіндік бір үрдіс еді деуге негіз бар. Ол тек оқиғалы өлеңдерде ғана емес, бірі поэтикалық туындылардың бойында да көрініс беруін Уәйіс Шондыбайұлының «Тәуке - Жікібай» дастанынан ұшыратамыз. Сонымен бірге айтыс жанрын өз шығармасына пайдалану - Әріп Тәңірбергенұлы шығармашылығына тән құбылыс. «Біржан - Сара» мен «Тәуке Ұрқия» атты екі шығармасы бір жанр аясында дүниеге келгендіктен тақырып ұқсастығы, идеялық бірлігі, сюжет дамуындағы тартыс пен көркемдік шешімдері жағынан бір-біріне егіз қозыдай ұқсастық табады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. - Алматы: «Білім», 1998. – 256 б.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. -464 бет.
3. S.Freud. Gesammelte Werke. Bd. X. London, 1946-1950 .
4. G.Maritain. Creative Intuition in art and poetry. New York, 1953.
5. А.П.Чехов. Полное собрание сочинений и писем, т.14. М., Государственное издательство художественной литературы, 1949. – 630 с.
6. Н.Щедрин (М.Е.Салтыков). Полное собрание сочинений в двадцати томах, т.8. М., Государственное издательство «Художественная литература», 1937. – 702 с.
7. Храпченко Михаил Борисович. Творческая индивидуальность писателя и развитие литературы. М., «Советский писатель», 1975.- 408 с.
8. Әуезов М. Абай Құнанбаев. -Алматы: Санат, 1995. -320 б.
9. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. 2-т. -Алматы: Ғылым, 1998. -432 б.
10. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. Өлеңдері, дастандары. I том. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2006. – 524 б.

Резюме

В данной статье говорится о жанре айтыса, в котором свой творческий путь начали в конце XIX века Кудайбердиев Ш.И., Копеев М. Несмотря на то, что та эпоха была полна акынами, которые внесли свой вклад в литературный жанр айтыса, никто из них не мог сравниться с произведениями Шакарима и Машхура.

Resume

In this article the author refers to the genre aitys that his career began in the late XIXth century Kudaiberdiev Sh. and Kopeyev A.M. The article also discusses a wide literary process between students who wanted to write Abay's work on aytys between the two poets. And also in the article there were linked different opinions supported by examples. Despite the fact that the era was full of akyns who contributed to the literary genre aitys but none of them could be compared with the works of Shakarim and Mashkhur. This article ended with wonderful views and statements about the is be compared works.

ЭРАЗМ РОТТЕРДАМСКИЙДІҢ САТИРАСЫ

Ж.Т.ҚОБЛАНОВ

филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті

Аннотация

Мақалада Эразм Роттердамский шығармаларындағы кейіпкерлер табиғатын, кезең көрінісін ашудағы қаламгер шеберлігі жан-жақты сөз болады.

Роттердамский шығармашылығының алғашқы дәуірінде-ақ өз заманының келеңсіз жақтарын көріп, қолына қалам алған болатын. Ұлы гуманист қоғамда белең алған келеңсіздіктерге, озбырлықтарға сын көзбен қарады. Орта ғасырдағы адам тағдыры және оның арман-тілегі туралы ілгерішіл пікірлерде болды. Сатиралық туындыларындағы негізгі мәселе - қоғамдағы келеңсіз оқиғаларды бейнелеу, зұлымдық, озбырлық, алаяқтық пен соқыр сенімді сынға алу.

Сатираларындағы шынайы оқиғаларды бейнелеуде қаламгер өмірге сенім туғызатын бейнелі, бедерлі тәсілдерді, көркемдік бояуларды таба біледі. Автор ұлы қаламгердің осындай қырларын мақалада толығымен ашып көрсетеді.

Түйін сөздер: әдеби орта, сатира, проза, классикалық филология, діни аскетизм, педагогика, хикая, хроника, дәстүр, риторика, логика.

XVI ғасырдың басында өмір сүрген Нидерландия гуманисі Эразм Роттердамскийдің Еуропа мәдениеті тарихында алатын орны ерекше. Эразм Роттердам қаласында туды. Жастайынан ата-анадан жетім қалған бала монастырға кіруге мәжбүр болады. Ол бұл жерде антик жазушылардың шығармаларын қызыға оқиды. Монастырдағы алаяқтардың іс-әрекеттері жас баланың жүрегінде діни соқырлыққа деген жиіркеніш сезімін оятады.

Эразм монастырдан кетіп, Парижге барып оқуын жалғастырады. Оның түрлі антик данышпандар шығармаларынан іріктеп алынған мақал, мысал, даналық сөздер жинағы («Adagia») 1500-жылы жарық көрді [1]. Осы жинағы арқылы ол үлкен даңққа бөленеді. Эразм Еуропаны бойлап саяхатқа шығады. Англияда ол атақты «Утопия» романының авторы Томас Мормен танысып, дос болады. 1506 жылы Италияға барады. Ол да Петрарка сияқты антик жазушылардың белгісіз қолжазбаларын табуды мақсат қылады, Турин университетінде докторлық дәреже алады. 1509 жылы Римге келеді. Кардинал Жованни Медичи мен басқа да адамдар оны осы жерде қалуға үгіттейді. Англияда Генрих VIII таққа отырған соң, ол мұндай ұсынысты қабылдамайды, өйткені ағылшын гуманистері Генрих VIII-ні әділетті монарх деп танып, одан үлкен үміт күткен еді.

1509 жылы Римнен Англияға аттанған Роттердамский жолда «Ақымақтыққа мақтау сөз» атты шығармасын жазуға кіріседі. Классикалық филологиямен бірге алғашқы христиан тарихын зерттеумен айналысқан Эразм «Інжілдің» грекше мәтінін қайта қарап, оның жаңа латынша аудармасын жариялайды. Эразмның қасиетті кітаптарға қатысты айтқан сыны Реформация әрекетінің қолындағы күшті қару болып, шіркеу беделі мен оның ілімдеріне нұқсан келтіреді. Бірақ Роттердамский неміс реформаторларына қосылмады.

Дүниежүзілік гуманистік мәдениеттің ірі өкілі болған бұл ғалым өз идеяларынан туындайтын нәтижелерге оншалықты қызықпады. Лютерандықтың гуманизмге дұшпандығы айқын байқала бастағанда Эразм протестанттыққа жаугершілікпен қарап, Лютермен келісім жүргізеді. Католиктер протестанттықтан қол үзген Эразмге риза болғанымен, «Ақымақтыққа мақтау сөзін» авторына сенбеді.

Эразм Роттердамский біраз уақыт Оксфорд университетінде грек тілі және дінтанудан дәрістер оқиды. «Інжіл» мәтіндеріне тілдік тұрғыдан сын айтады. Осыдан соң Эразм Еуропаны бойлап саяхатын жалғастырады. Уақытының көп бөлігін Базел қаласында өткізеді [2].

Эразм Роттердамскийдің әдеби мұрасы мол. Бұл мұра осы кезге дейін жалпы мәдени тіл саналған латын тілінде жазылған хаттар, көне шығармалардың жарияланған сыншыл мәтіндері, өлең және прозалық шығармалар, негізінен тіл, педагогика және дінге қатысты кітаптарды қамтиды («Христиан жауынгерінің қолданба құралы», «Хат жазу мәдениеті», «Баяндау байлығы», «Христиан некесі туралы», «Сұқбаттар» және т.б.). Жазушыға үлкен даңқ әкелген әдеби шығармасы - «Ақымақтыққа мақтау сөз» (1509) сатирасы Еуропадағы гуманистік әдебиеттің таңғажайып үлгісі

Эразмның сатиралық шығармалары екі көркемдік дәстүр әсерінде туған болатын. Оның біріншісі - антик әдебиетте «Мақтау» формасында пайда болған сатиралық шығармалары болса, екіншісі - осы дәуірде Батыс Еуропа қалаларында кең таралған карнавал типіндегі халық ойындары, әсіресе, Германияда кең жайылған «сотқарлық пен ақымақтық туралы» сатиралық шығармалар. Бұл сатиралық шығармалар неміс гуманисі Себастьян Бранттың «Надандар кемесі» атты кітабымен үндес болды [3]. Эразм өз дәуіріндегі келеңсіздіктерді аяусыз масқаралап, жағымсыз әрекеттерді түрлі көріністер арқылы әшкерелейді.

Шығарманың қаһарманы Ақымақтық есімді бикеш өзін «бүкіл дүние жүзі билеушісімін» деп санайды. Бұл ханым істеген жақсылықтарын білмеген және оның атына мақтау сөз айтпаған жандарға ренжіп, өзін-өзі мақтай бастайды. Ол «Егер адамдар сені мақтамаса, сен өзінді-өзің мақта» деген пікірге келеді. Алдын Ақымақтық өзінің қандай әулеттен шыққандығын айтады. Оның атасы «Хаос та, Орк те, Сатурн да, Иапет те, басқалар да емес; оның атасы Плутос (Плутос – грек аңызындағы байлық құдайы). Өзінің қасиетті әулеттен екендігін айтып бөскен Ақымақтық, дүниедегі барлық жақсылықты өзінің адалдығының, жомарттығының нәтижесі деп мәлімдейді. Жағымпаздықты, опасыздықты және сатқындықты өзінің жәрдемшілері санайды. Оның жолдастары түрлі кәсіп пен тайпа өкілдері бейнесінде баяндалады; бірінші қатарда балалардың басын болмашы нәрселермен қатыратын «данагөй тілшілер», өте көп заңды «білетіндігімен» анық мәселелерді де шатастырып жіберетін заңгерлер, «ұзын сақалдарына» сүйеніп, білімдар көрінетін, шындығында көп нәрсені білмейтін жалған философтар мен схоластика мектебінің басқа да өкілдері тұрады. Шығармада орта ғасырлық діни ілім де қатты сынға алынады.

Маскүнемдікке бой алдырған монах пен оның жәрдемшілері, байлық жинауда корольдермен бәсекеге түскен папа, кардинал және епископтар да автордың назарынан тыс қалмайды. Олар қарапайым халыққа озбырлық жасайды. Папалар «Барлық тауқыметті Петр мен Павелге артып», «атақ-абыройды өздері иелейді».

Ұлы гуманист, ғалым ретінде Эразм орта ғасырдағы феодалдық тәртіптерді, Рим папасының озбырлығын, надандығын үлкен ерлікпен әшкерелейді. Ол туып келе жатқан жаңа буржуазияның да келеңсіз жақтарын

байқады. Сатираның бас қаһарманы Ақымақтықтың байлық құдайы Плутостың қызы болуы да бекер емес. «Соғыс, бейбітшілік, мемлекеттік билік, кеңес, сот, халық мәжілісі, неке, одақ, мәдениет, ойын, ғылыми шығармалар...барлығы да оған тәуелді». Алтын мен ақша билеген заманда адамгершілік қасиеттер аяқ астында қалады. Сондықтан да жазушы, әсіресе бай саудагерлерді қатты сынға алады. Өйткені, «саудагерлер - ең надан және жиіркенішті жандар», олар өз алдарына баю мақсатын қойып, оны жағымсыз әрекеттер болған алдау, ант ішу, ұрлық, айла жасау жолдарымен іске асырады, «қолдарына алтын жүзік таққандары үшін де олар өздерін жоғары сатыдағы жандармыз деп ойлайды» [4].

Ұлы гуманист байлыққа негізделген және Ақымақтық басқаратын қоғамның бет пердесін ашып тастап, сол қоғамдағы надандықты, озбырлықты әшкерелейді. Жазушы «бүкіл қоғам өмірі, адамдар тағдыры Ақымақтықтың ермегі емес» деп халық болашағына араша түседі.

«Ақымақтыққа мақтау сөз» туындысы - орта ғасырлық тәртіптер, папа, феодалдар мен шіркеу князьдері, схоластикалық ілім, байлыққа бой алдырған басқа адамдарды сынаған гуманистік шығарманың үздік үлгісі.

Эразм Роттердамский өз замандасы Томас Мор сияқты болашақ туралы саяси бағдарлама белгілеп бере алмағанымен, надандық пен жауыздық өршіп бара жатқан ескі қоғам, діни ілімге қарсы шыққан сатиралық өте құнды шығарма болды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиетінің тарихы. Алматы, «Дәуір». 2011. – 116 б.
2. Андреев Л.Г. История зарубежной литературы. Москва, 1989. – 189 б.
3. Андреев Л.Г. История зарубежной литературы. Москва, 2000. – 202 б.
4. Қобланов Ж.Т. Шетел әдебиеті тарихы. Астана. «Фолиант». 2008. – 156 б.

Резюме

В статье рассказывается о мастерстве создания природы персонажей произведений Эразма Роттердамского. На раннем этапе творчества, видя негативные стороны эпохи, Эразм Роттердамский взялся за перо. Очень критически смотрел великий гуманист на взявшие верх в обществе негативы и безнравственность. В средневековье были и передовые мысли о судьбе, и желаниях человека. В сатирических произведениях основная проблема – изображение негативных событий в обществе, безнравственность, мошенничество, слепая вера. Для изображения реальных событий в сатире писатель находит особые художественные краски, рождающие веру в жизнь. Автор всецело показывает все эти грани мастерства писателя.

Resume

The author of the article tells about the mastery of creating characters of ErasmusRotterdamsky. Seeing the negative aspects of the era, Erasmus took up writing in the early stages of his creative work.

The great humanist criticized negatives and immorality which took place in society. In the Middle Ages there were also the advanced ideas of fate and human

desires. Negative events in society, immorality, cheating, and blind faith were the main topics in the satirical works.

To describe real events in the satire the writer finds a special literary coloring which creates belief in life. The author entirely shows the verge of the writer's skills.

УДК 81'44

TYPOLOGICAL LINGUISTICS AS A BRANCH OF LINGUISTICS

G.K. ISMAYLOVA

State university named after Shakarim of Semey, [Candidate of Philological Sciences](#)

M. NUREKENOVA

State university after Shakarim of Semey, teacher

Abstract

The article is aimed at defining the language laws, which are of great importance to many private disciplines of linguistics such as the theory of language nomination and derivation of general linguistics. Particularly, the subject of the article becomes urgent in dealing with terminological science, sociolinguistics and typological linguistics. Materials and research results of the article have great application and practical value, namely in terms of the creation of special terminology dictionaries on the basis of the three languages, particularly, financial and credit vocabulary that would be a great help not only in the financial sphere, but also for the general population.

Keywords: linguistics, contrastive linguistics, typological research, theory of language, linguistic typology, comparative typology, kindred languages, non-kindred languages, contrastive method, comparative method.

Typological study of languages is the primary method of linguistics, the task of which is to study the laws governing the relationship between the various elements of the structure. The development of a language theory and general linguistics would not be realized without typological research. Due to the comparative study the various linguistic phenomena, the general laws of functioning can easily be identified.

The study of the similarities and differences between related and unrelated languages, identification of their causes, the study of the degree of structural similarity of languages, regardless of their relationship are considered as the subject of linguistic typology [1].

The type of language, which refers to his system stands as the basic concept of linguistic typology. In other words, it is a group of specific languages that have a number of typologically significant similarities; logical construction, which displays a set of significant features that meet this type of language [2]. Comparison of typological descriptions of languages provides a basis for drawing up a classification based on typological characteristics. There are groups of languages that are distinguished according to their regularities of their structures. Each of these groups is denoted as a type. Thus, the type of language is the essential property of a particular language

system representing the general laws of the structure of a number of languages. These patterns can be linked to the nature of grammatical forms and expressive means of syntactic relations.

Any linguistic description associated with going beyond one language inevitably involves establishing similarities and differences, which can be found only on the basis of comparing and contrasting. They are not identical to each other. Linguistics is interpreted as a system of knowledge about language. It is a set of different theories, which combine ideologization of linguistic objects, their explanation and description.

Objectives of linguistics:

- Present similar signs of language as a system of a special kind;
- Display the mechanism of creation of each particular idiomatic language, language groups, selected on various grounds.

The first objective is aimed at finding a general concept, while the second is focused on the various search.

The typological method gives an answer to the question of the extent whether specific languages are determined or not by variants of a human language as a phenomenon of reality [3].

Linguistic typology examines the similarities and differences of languages, regardless of the origin of languages and their influence on each other. The study of similarities and differences in the structure of particular levels of different languages revealed the following typological classification: morphological, syntactic, lexical, phonological typology systems.

The comparative research is conducted with respect to any two or more related and unrelated languages with different structures, which aims to identify the correspondence between selected linguistic phenomena, the establishment of their regularity, nature and causes of deviations from them.

Franz Bopp is recognized as one of the founders of comparative research methodology, who described the overall system of formal relations between the Indo-European languages; Rasmus-Christian Rask and Vostokova A. K. at this point revealed the role of regular correspondences in related languages; The results of their research found expression in different types of descriptions of the historical state of the language: the description of the isolated units of language, the description of the individual levels or categories that characterize the atomic approach.

А.С. Мордовец в своей докторской диссертации обосновывает тезис о неоправданности «сводить содержание механизма социально-юридического обеспечения прав человека в широком смысле слова (даже на национальном уровне) только к гарантиям защиты прав человека. Оно объемнее, так как включает в себя и социальные институты, и такие понятийные явления, как гласность, общественное мнение, процедуры, ответственность, контроль». В качестве элементов подсистемы механизма социально-юридического обеспечения прав человека диссертант выделяет «механизм охраны», «механизм защиты», «механизм восстановления нарушенных субъективных прав», «механизм воспитания». Будучи самостоятельными понятиями и одновременно находясь в диалектической взаимосвязи друг с другом, они создают целостную структуру механизма социально-юридического обеспечения прав человека и гражданина. При этом теоретическое и практическое значение последнего раскрывается полнее, если рассматривать исследуемый механизм в связи с психологическими элементами, при посредстве которых происходит реализация субъективных прав.

От психологических установок личности в значительной мере зависит и понимание механизма социально-юридического обеспечения прав человека [7].

По этому поводу И.Н. Плотникова возражает А.С. Мордовец и считает такой подход нет совсем оправданным, поскольку все компоненты, обозначенные выше, включаются и в содержание категории «гарантии». Причем, по ее мнению, фактически совпадает лексикологическое толкование дефиниций «гарантия» и «обеспечение», а также они не различимы и в обыденном знании [6].

На наш взгляд, не совсем убедительной выглядит позиция И.Н. Плотниковой.

Допустимо близость и даже определенное совпадение дефиниций «гарантия» и «обеспечение» именно в качестве терминов как таковых.

Однако, по нашему мнению, понятия «гарантия» и «обеспечение» в сущностно-функциональном плане вполне самостоятельны и использование того или иного понятия оправдано целевым их назначением. Оба понятия, скажем, в процессе реализации прав и свобод человека и гражданина, предполагают наличие определенных условий, по поводу и на основании которых происходит это реализация, а также средств, посредством и с помощью которых она происходит. Но, в случае с категорией «гарантия», в отличие от категории «обеспечение», и условия, и средства находят четкое законодательное закрепление. В этом смысле понятие «гарантия», по сравнению с понятием «обеспечение», с юридической точки зрения, более уже и конкретно.

Гарантии отдельными учеными рассматриваются в качестве средств, тогда как охрана и защита – деятельность компетентных органов государственной власти и их должностных лиц с использованием таких средств [8].

Ссылаясь на Г.С. Сапаргалиева, Р.Т. Сункарбаева пишет о том, что «гарантированность прав и свобод человека предполагает их реальный характер, обеспеченность соответствующими социально-экономическими, политическими и духовно-культурными, организационными и правовыми средствами». Исходя из концепции теории естественных прав человека в качестве основополагающей доктрины и базового принципа правовой системы Казахстана «государство лишь признает, фиксирует и создает гарантии их реализации и соблюдения» [10].

В учебной и научной юридической литературе различают общие, юридические и организационные гарантии.

Общие гарантии, обеспечивающие реализацию права на предпринимательскую деятельность, подразделяют, в свою очередь, на политические, экономические, духовно-культурные [6].

Безусловно, такая, достаточно широкая, классификация гарантий прав и свобод человека свидетельствует, с одной стороны, о сложной природе самой системы прав и свобод личности, с другой стороны, о соответствующей системе гарантий их осуществления.

При этом не стоит умалять достоинство и значение гарантий в той или иной сфере реализации прав и свобод человека, поскольку каждая из них выполняет соответствующую функцию. Так, организационные гарантии права человека и гражданина на предпринимательскую деятельность выражаются в том, что существует целая система органов государственной власти и местного самоуправления, которые призваны обеспечивать реализацию, и в случае необходимости охранять и защищать права и свободы права человека и гражданина, в том числе и право на предпринимательскую деятельность.

Духовно-культурные, или идеологические, гарантии связаны с идеологическими посылами о позитивном социальном значении предпринимательства как активной, творческой, инициативной деятельности человека, с адекватным выражением в общественном сознании и соответственно проявляется в позитивном отношении общества к социальной сущности права на предпринимательскую деятельность.

Бесспорно, без таких идеологических предпосылок, позитивного отношения общества к предпринимательству, осознания его роли в создании своего материального благополучия вряд ли можно говорить о реализации права на предпринимательскую деятельность как субъективного права человека с соответствующими юридическими обязанностями. Ведь в недавнем прошлом – в условиях советского периода развития Кыргызстана – отношения общества к предпринимчивым людям было совсем иное.

Рассматривая в своей диссертации вопросы охраны и защиты прав и свобод человека и гражданина в Кыргызстане, К.А. Дехканова пишет, что «обеспечение охраны и защиты прав человека в Кыргызской Республике реализуется через систему государственных гарантий прав человека как общих, так и специальных (юридических). Юридические гарантии выражаются в нормах закона, раскрывают и конкретизируют указанные права и свободы и устанавливают порядок их реализации. Поскольку все отрасли права имеют нормы, закрепляющие те или иные средства и способы охраны, обеспечения и защиты прав и свобод, можно говорить о конституционно-правовых, административно-правовых, уголовно-правовых и процессуальных гарантиях» [12].

Под конституционными гарантиями Л.Ф. Татаринова понимает «общие условия и специальные (юридические) средства, закрепленные в Конституции Кыргызской Республики и других нормативных правовых актах, создающие фактическую возможность гражданам пользоваться основными правами, удовлетворять интересы и надежно защищать их» [13].

Защита прав и интересов предпринимателей, с точки зрения К.К. Керезбекова, «опирается на достаточно широкий круг конституционных гарантий. Конкретная структура средств конституционно-правовой защиты прав предпринимателей определяется двумя функциями объективного права: с одной стороны, в сфере нормотворчества, когда в процессе создания конституционных норм задаются условия, обеспечивающие восстановление нарушенного права предпринимателей, определяются институциональные и иные гарантии данного права; с другой стороны, защита прав осуществляется в случае нарушения прав предпринимателей путем отправления правосудия». При этом понятие «защита конституционных прав граждан на предпринимательскую деятельность» предполагает активные действия как субъектов права на предпринимательскую деятельность, так и государственных органов в случае нарушения охраняемых прав человека и гражданина, их незаконного ограничения с целью восстановления нарушенного права» [14].

Конституционно-правовые гарантии права человека и гражданина на предпринимательскую деятельность входят в разряд юридических (правовых) гарантий и важнейшие из них содержатся, безусловно, в Конституции.

Рассматривая в своей диссертации конституционно-правовые гарантии обеспечения права на предпринимательскую деятельность в Российской Федерации, Н.В. Поправко под такими гарантиями предлагает понимать «правовые условия и средства, закрепленные в Конституции РФ, федеральном

законодательстве, позволяющие обеспечить реализацию права на предпринимательскую деятельность. Гарантированность и полная реализация права на предпринимательскую деятельность возможны лишь при условии четкой систематизации всей совокупности общих и специальных (юридических) гарантий, закрепленных в международных, федеральных, региональных и муниципальных нормативных правовых актах» [15].

Конституция Кыргызской Республики признает права и свободы человека высшей ценностью и тем самым устанавливает их приоритетность в организации деятельности государства, его органов и должностных лиц.

Именно признание прав и свобод человека высшей ценностью обуславливает принцип их непосредственного действия. Это, во-первых. Во-вторых, обуславливает конституционное положение, согласно которому права и свободы человека определяют смысл и содержание деятельности законодательной, исполнительной власти и органов местного самоуправления (ч. 1 ст. 16).

Из конституционного признания приоритета и верховенства прав и свобод человека и гражданина вытекает, что «обеспечение, охрана и защита прав и свобод личности является одним из способов сохранения ее самоценности, права на достойное существование, фактором стратегии развития мира и согласия и достижения общественного согласия». При этом «реальное осуществление прав и свобод человека и гражданина обусловлено совокупностью самых различных факторов, социально-политических и юридических явлений, обеспечивающих их реализацию, охрану и защиту, которые одновременно выступают в качестве гарантий прав личности» [6].

Между тем, следует подчеркнуть, что специфика права на предпринимательскую деятельность заключается в том, что «для его реализации требуется подробная нормативная регламентация и соответственно комплекс законодательных актов. В отличие от таких конституционных прав, как, например, свобода мысли и слова, творчества, право на доступ к культурным ценностям, для обеспечения прямого действия Конституции здесь необходима активная, причем целенаправленная, деятельность государства, то есть одного лишь его невмешательства в сферу частной жизни граждан явно недостаточно» [16].

Что касается принципа непосредственного действия прав и свобод человека и гражданина, то он означает, что эти права и свободы реально принадлежат человеку независимо от того, конкретизированы они в текущем законодательстве или нет, и человек может защищать их всеми законными способами. Вместе с тем, он означает, что человек и гражданин могут осуществлять свои права и свободы, а также защищать их в случае нарушения, руководствуясь Конституцией, ссылаясь на нее. Непосредственное прямое действие конституционных прав и свобод тесно связано с общим принципом высшей юридической силы и прямого действия Конституции. Это один из существенных признаков правового государства, который подчеркивает значение прав и свобод человека как высшей ценности [17].

Согласно ч. 1 ст. 40 Конституции Кыргызской Республики, каждому гарантируется судебная защита его прав и свобод, предусмотренных настоящей Конституцией, законами, международными договорами, участницей которых является Кыргызская Республика, общепризнанными принципами и нормами международного права [18].

Тем самым, государство обязывается не только соблюдать, но и защищать права и свободы человека и гражданина.

В этой связи Конституция Кыргызской Республики, с одной стороны, обязывает государство обеспечивать:

- развитие внесудебных и досудебных методов, форм и способов защиты прав и свобод человека и гражданина;

- получение гражданами квалифицированной юридической помощи за счет государственных средств.

С другой стороны, предоставляет каждому права:

- защищать свои права и свободы любыми законными способами;

- получать квалифицированную юридическую помощь;

- обращаться в международные органы по правам человека за защитой нарушенных прав и свобод.

Безусловно, перечисленные выше конституционные гарантии являются общими.

Справедливо замечено, что предпринимательская деятельность представляет собой «фундамент, на котором формируется и функционирует рыночная экономика, являющаяся главной чертой экономической основы государства». Однако очевидно, что «при любой рыночной модели возникают вопросы о роли государства в экономике, необходимости его воздействия на деятельность предпринимателей, основаниях и пределах допустимого государственного вмешательства» [19; 20].

Жогорку Кенешем в этом плане были приняты ряд законов, которые направлены именно на государственное регулирование монополии и создания условий для добросовестной конкуренции и тем самым для охраны предпринимательской деятельности в Кыргызстане.

На наш взгляд, все еще актуальной остается создание такого рынка труда, который следовало бы защищать. Его необходимо создавать. Иначе говоря, когда наш рынок будет насыщен различными промышленными предприятиями, когда один-единственный завод не сможет диктовать всему населению свои цены, потому что будут функционировать несколько аналогичных заводов в условиях здоровой конкуренции, можно будет говорить о свободном и саморегулирующемся рынке.

Список литературы

1. Мордовец А.С. Социально-юридический механизм обеспечения прав человека и гражданина /Под ред. Н.И. Матузова. – Саратов, 1996. – 123 с.
2. Чхиквадзе В.М. Гарантировано конституцией. – М., 1979. – 86 с.
3. Эбзеев Б.С. Советское государство и права человека. – Саратов, 1986.
4. Курноскин Е.А. Государственно-правовое обеспечение прав и свобод человека и гражданина в Российской Федерации: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – СПб, 2000. – 32 с.
5. Юридические гарантии конституционных прав и свобод личности в социалистическом обществе /Воеводин Л.Д., Гендзехадзе Е.Н., Зайкин А.Д., Иванова Р.И., и др.; Под ред.: Воеводин Л.Д. - М.: Изд-во Моск. ун-та, 1987. – 163 с.
6. Плотникова И.Н. Конституционное право человека и гражданина на предпринимательскую деятельность в России: дис. ... канд. юрид. наук. – Саратов, 2002. – 190 с.

7. Мордовец А.С. Социально-юридический механизм обеспечения прав человека и гражданина: автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. – Саратов, 1997. – 212 с.
8. Нусупбекова А.Н. Конституционно-правовая политика Республики Казахстан в сфере защиты прав и свобод человека и гражданина: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – Бишкек, 2012. – 36 с.
9. Сман А. Правовое положение личности в Республике Казахстан (конституционно-правовой аспект): автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. – Астана, 2008. – 42 с.
10. Сапаргалиев Г.С. Конституция Республики Казахстан. Научно-правовой комментарий. – Алматы, 2005. – 72 с.
11. Сункарбаева Р.Т. Право граждан Республики Казахстан на жилище (проблемы теории и практики): автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – Бишкек, 2012. – 31 с.
12. Дехканова К.А. Охрана и защита прав и свобод человека и гражданина в Кыргызской Республике (теоретико-правовой аспект): автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – Бишкек, 2014. – 29 с.
13. Татарина Л.Ф. Конституционно-правовое обеспечение права человека на неприкосновенность частной жизни: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – Бишкек, 2010. – 33 с.
14. Керезбеков К.К. Конституционно-правовые основы регулирования предпринимательской деятельности в Кыргызской Республике: автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. – Алматы, 2008. – 46 с.
15. Поправко Н.В. Конституционно-правовые гарантии обеспечения права на предпринимательскую деятельность в Российской Федерации: дис. ... канд. юрид. наук. - М., 2007. – 182 с.
16. Лыкин Е.Г. Защита конституционного права граждан на предпринимательскую деятельность в России: опыт, проблемы, перспективы: дис. ...канд. юрид. наук. – Орел, 2006. – 191 с.
17. Конституция Российской Федерации: научно-практический комментарий. – М., 1997. – 63 с.
18. Конституция Кыргызской Республики от 27 июня 2010 г. //Эркинтоо. - 2010. – 6 июля. – 93 с.
19. Курбатов А. Я. Сочетание частных и публичных интересов при правовом регулировании предпринимательской деятельности. - М., 2001.
20. Страхова С.Г. Ограничения права на осуществление предпринимательской деятельности: частноправовые и публично-правовые аспекты: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – Самара, 2006. – 31 с.

Түйін

Мақалада Қырғыз Республикасындағы кәсіпкерлік қызметке адам және азамат құқығының құқықтық кепілдемесіне теориялық талдау жасалады.

Resume

The author of the article makes the theoretical analysis of the legal guarantees of the human rights and of a citizen for business activities in the Kyrgyz Republic.

**МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ҚЫЛЫМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА
ЖАУАПТЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Н. СӘУЛЕН

аға оқытушы, заң ғылымының магистрі,
Еуразия гуманитарлық институты

Аннотация

Мақалада, жаһандану және әлемдік бәсекелестіктің өсуі жағдайында, ұлттық құқықтық уақыттың жаңа талаптарына сай ҚР қылмыстық заңнамасының реформалану кезеңдері қарастырылады. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың, соның ішінде қазіргі кезде ең көп тараған қылмыс-ұрлық туралы негізгі мәліметтер талқыланады.

Түйін сөздер: меншік, қылмыстық құқық бұзушылық, адам құқықтары, ұсақ-түйек жымқыру, ұрлық, модернизациялау.

Қазақ ССР-інің 1959 жылдың 22 шілдесінде қабылданған Қылмыстық кодексінің нормалары өмірімізде орын алған саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістерге сай келмегендіктен, жаңа Кодекстің қабылдануына байланысты өз күшін жойып, 1998 жылдың 1 қаңтарынан әрі қарай қолданылмады [1]. 1959 жылғы Қылмыстық кодекс кеңестік таптық идеология тұрғысында, әкімшілік-әміршілдік жүйе мен орталықтандырылған жоспарлы экономика қағидаларына негізделген еді. Кеңес Одағындағы тоталитарлық құрылыста, саяси және экономикалық жүйенің негізі болып социалистік меншік – мемлекет және қоғам меншіктері болғандықтан, оны қорғау ең негізгі міндет еді. Сондықтан азаматтардың өзіндік меншігін қорғау мәселесіне жеткілікті мән берілмеді.

Заман өмірдің өзі ескі идеологиядан арылған, еркіндік нарықтық қатынастар жағдайына үйлесетін, адам құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық-құқықтық қорғауды барынша қамтамасыз ететін жаңа қылмыстық заңның болуын қажет етті. Сөйтіп 1995 жылғы 30 тамызда өткізілген Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының және халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидалары мен нормаларына негізделген алғашқы Қылмыстық кодекс заңды күшіне енді.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабы «Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік пен жеке меншік танылады және бірдей қорғалады» деп жариялады [2].

«Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бірінші болып жеке меншікке, еркін бәсекелестікке және ашықтық принциптеріне негізделген нарықтық экономиканың заманауи үлгісін жасаған біздің мемлекетіміз» - деп, Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан халқына Жолдауында да атап өткен болатын [3].

Қазіргі заманның болмысы меншік құқықтары мен шарттық міндеттемелердің қорғалуын күшейтуді талап етеді. Республиканың ауқымды кодификацияланған актісі болып табылатын қазіргі Азаматтық кодекс тауар-ақша

қатынастарын реттеудің: меншік нысандары теңдігінің және оған қол сұғылмаушылықтың, шарттың еркіндігінің, азаматтық айналым субъектілерінің теңдігі тәрізді негізгі принциптерін қалады.

Осыған орай қылмыстық құқықтың ең басты міндеттерінің бірі адам және азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау болып табылады. Адам және азаматтың меншік құқықтары Қылмыстық кодекстің тиісті баптарымен қорғалады, оларға нұқсан келген жағдайда қылмыстық заңмен қылмыстық жауаптылық көзделген.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар Қылмыстық заң алдында басымдыққа ие. Осы тұрғыда Қазақстан ратификациялаған халықаралық шарттармен қылмыстық заңды сәйкес келтіру маңызды болып табылады. Құқықтық жүйесі дамуының негізгі бағыттарын айқындайтын Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы болып табылады [4]. Жаһандану және әлемдік бәсекелестіктің өсуі жағдайында, ұлттық құқықтық уақыттың жаңа талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында құқықтық жүйелерін жаңғырту және оларды адамның мұқтаждары мен қажеттіліктеріне барынша жақындату керек. Қазақстан Республикасы құқықтық жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 16 қаңтардағы № 731 Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді [5].

Тұжырымдамаға сәйкес, «Ұлттық құқықтық жүйені жаңғыртудың кезекті кезеңінің шеңберінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүддесі үшін қолданылатын және біздің құқық қорғау жүйемізді қазіргі заманның сын-тегеуріндеріне барабар ден қоюға мүмкіндік беретін жаңа деңгейге шығаратын жаңа редакциядағы тиісті кодекстерді әзірлеу және қабылдау арқылы қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару және әкімшілік-деликтік заңнаманы реформалауға қажеттілік бар».

Осылай 2014 жылдың 3-шілдесінде Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексі қабылданды. Меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жаңа Қылмыстық кодексте сақталып қана қоймай, олардың қатары, керісінше, ұсақ-түйек жымқыру (187-бап), ерекше құндылығы бар заттарды қасақана жою немесе бүлдіру (203-бап) сияқты меншікке қарсы жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтық іс-әрекеттермен толықтырылды [6].

Меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді.

Республикамыздың жүргізіп жатқан барлық шараларына қарамастан, қылмыстық құқық бұзушылық атты әлеуметтік-құқықтық теріс құбылыс бар болып қана қоймай, ол күннен күнге дами түсіп неше түрлі қауіпті қылмыстық құқық бұзушылықтар пайда бола бастауда. Соңғы уақытта қылмыстық құқық бұзушылықтың жаңа түрлерінің пайда болуы, көбейе түсуі қоғамымызды ойландырмай қоймайды.

Әрине, оның ішінде қатты ойландыратын мәселелердің бірі мемлекеттік, жеке меншіктегі мүліктерді ұрлаудың күннен-күнге өріс ала түсуі, ал ұрлықты

жасаушылардың көбі жасы кәмелетке толмағандар, ерекше қауіпті рецидивисттер және қоғамымызға қайшы келетін арамтамақпен өмір сүретіндердің болуы. Жасалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың көпшілігі жұмыссыздық, маскүнемдік, құмарпаздық, нашакорлық сияқты әлеуметтік теріс құбылыстармен тығыз байланысты.

Қылмыстық заңнаманы модернизациялау мен реформалаудың нәтижесінде бөтен біреудің мүлкін ұсақ-түйектеп ұрлау сияқты әкімшілік құқықбұзушылық іс-әрекет қылмыстық-құқықтық сипатқа ие болды. Бұл бір жағынан, қоғамда кеңінен орын алған әкімшілік құқықбұзушылықтармен күрес жүргізудің тиімділігін арттыру, екінші жағынан, меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту мен қылмыстық жазалау болып табылады.

Ұрлық тек жеке адамның меншік құқығына ғана қол сұқпай, сонымен бірге қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіреді. Сондықтан ұрлық туралы қылмыстық істер бойынша қылмыстық қудалау мен сотта айыптау туралы істер жариялы айыптау істері болып есептеледі. Бұл істер бойынша қылмыстық қудалау жәбірленушінің шағым бергеніне-бермегеніне қарамастан жүзеге асырылады.

Мемлекеттің қылмыстылыққа бакылау жасап, оның алдын алуға қабілетсіздігі – қоғамның саяси, заңдық, әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздығы екені белгілі.

Ұрлау арқылы мүлікті алғанда айыпты оны өз пайдасына немесе басқа адамдардың пайдасына айналдырады. Ұрлаған адам мүлікке өз меншігіндей билік жасайды, бірақ заң жүзінде ол меншік иесі бола алмайды, себебі меншік құқығын қылмыстық жолмен алу мүмкін емес. Сондықтан да, жәбірлеушінің ұрланған затқа меншіктік құқығын ұрлық жоғалта алмайды. Ұрлауға заң тұрғысынан анықтама бергенде бөтен мүлікті айыптының меншігіне емес, оның пайдасына немесе басқа адамдардың пайдасына айналдыру дегенді бәкім осы тұрғыдан түсіндіру қажет. Алып қою нәтижесінде меншік иесіне не басқа иемденушіге материалдық залал келеді. Ұрлағандағы материалдық залал тікелей нақты залал түрінде көрініс табуға тиіс.

Қылмыстық заң, ұрлағандық үшін, оның жасалу тәсілдеріне қарай нақты қылмыстық жауаптылықты қарастырған. Қылмыстық Кодекстің тиісті баптарына бөліп, нормативтік тұрғыдан бекіткен. Ұрлық тек жеке адамның меншік құқығына ғана қол сұқпай, сонымен бірге қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіреді. Сондықтан ұрлық туралы қылмыстық істер бойынша қылмыстық қудалау мен сотта айыптау туралы істер жариялы айыптау істері болып есептеледі. Бұл істер бойынша қылмыстық қудалау жәбірленушінің шағым бергеніне-бермегеніне қарамастан жүзеге асырылады.

Меншікке қарсы бағытталған қылмыстық құқық бұзушылықтардың қатарына жымқырумен байланысты жүзеге асырылатын қылмыстық құқық бұзушылықтар жатады.

Жалпы алғанда жымқыру дегеніміз пайдакүнемдік мақсатта меншік иесінің мүлкін, мүліктің меншік иесіне залал келтіре отырып, кінәлінің өзінің немесе басқа адамдардың пайдасына заңсыз, қайтарымыз алуы болып табылады. Осыдан келіп жымқырған тұлғаның бөтеннің мүлкін алуы, алудың заңға қайшылығы, қайтарымсыздық, пайдакүнемдік мақсаттан құралатын ажырамас белгілерін бөліп көрсетуге болады.

Біздің қылмыстық заңымызда жымқыруға кең мағынада түсінік беру үшін онымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды жеке нысандар мен

түрлерге бөліп әр нысанның өзіне тән ерекшеліктеріне орай басқа ұқсас қылмыстық құқық бұзушылықтардан ажыратып баптарға бөліп орналастырған олар ұрлық, сеніп тапсырылған мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, алаяқтық, тонау, қарақшылық деп бес нысанға бөлінген.

Меншікке қарсы қол сұғушылық жасаған адамдарға мемлекет тарапынан күштеу шаралары қолданылады. Қылмыстық жазалау да сол шаралардың бірі. Қылмыстық жазалау, басқа да әдіс тәсілдермен қатар, құқықты бұзушылық пен күрестегі қылмысты ескертуде үлкен роль атқарады. Қоғам үшін қауіпті қылмыс жасап, адал жолына түскісі келмейтін қылмыскерлерге жазаның ауыр түрін қолдана білу керек. Оның негізгі мақсаты қылмыстың алдын алу болып табылады. Қылмыспен күрес көлемді жүргізілу керек. Қылмыс жасау және басқа да қоғамға қарсы іс-әрекеттердің түрлері әлеуметтік қырсық болып есептеледі. Сондықтан да олармен күнделікті күрес жүргізе және де күресте нақты шешімдер қолдана білу керек.

Қорыта айтқанда, жаза белгіленген кезде, соттар жазалау шараларынан басқа, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілігінің дәрежесін, істің жауапкершілікті жеңілдетіп, ауырлататын жағдайларын да еске алып, негізді де шыншыл үкім шығара білулері керек. Сонда ғана жазаның өз мүддесіне жетуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ ССР-інің 1959 жылғы Қылмыстық кодексі <http://adilet.zan.kz>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995ж. (өзгертулер мен толықтырулар 02.02.2011)
3. Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан халқына Жолдауы. <http://adilet.zan.kz>
4. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған жаңа құқықтық саясат тұжырымдамасы <http://adilet.zan.kz>
5. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 16 қаңтардағы № 731 Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Жарғы. <http://adilet.zan.kz>
6. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Заңымен қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексі. <http://adilet.zan.kz>

Резюме

В данной статье автор рассматривает реформы уголовного законодательства, в частности, проблемные вопросы, связанные с уголовной ответственностью за правонарушения против собственности в соответствии с новым уголовным кодексом.

Resume

In this article the author examines the reforms of criminal legislation, particularly the problematic issues related to criminal responsibility for offences against property in accordance with the new criminal code.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖАҢА ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ
ӨЗГЕРІСТЕР**

С.М. САРЫБЕКОВА

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының
1 курс PhD докторанты

Аннотация

Мақалада 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген Қазақстан Республикасы жаңа Қылмыстық кодексіндегі жаңалықтар және өзгерістер, оның ішінде қылмыстық теріс қылық және қылмыстан тұратын қылмыстық құқық бұзушылықтардың екі буындық жүйесінің енгізілуі, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес Жалпы бөлімнің глоссариймен толықтырылуы, жаза түрлері қарастырылған.

Түйін сөздер: қылмыстық теріс қылық, қылмыс, қылмыс заңнамасы, қылмыстық құқық бұзушылық.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі – Қазақстан аумағында қылмыстылықты және жазаланатын әрекетті айқындайтын Қазақстанның қылмыстық құқығының негізгі және бірден бір көзі.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Қылмыстық кодекс күшіне енді.

Бұрынғы қылмыстық кодекс 16.07.1997 жылы қабылданып, оған осы уақытқа дейін бірнеше мәрте өзгерістер енгізіліп келді. Сондықтан қылмыстық заңнаманы жетілдіру заман талабынан туындап отыр.

Жаңа редакциядағы Кодекстің тағы бір қажеттілігі, ол ел Конституциясының жаңа нормаларымен, сонымен қатар, осы уақытқа дейін ратификацияланған халықаралық келісімдермен сәйкестендіруге қатысты болып табылады.

Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексінде ескі қылмыстық кодексті жетілдірудің екі векторы байқалады. Бір жағынан ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасағаны үшін санкцияларды қаталдандыру болса, екінші жағынан – ізгілендіру.

Жаңа қылмыстық заңнаманы ізгілендіру Елбасы Жарлығымен бекітілген 2020 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген [3].

Қылмыстық заңнаманы ізгілендіру мақсатында, жаңа кодекске заңнамада бұрын болмаған институттар пайда болған, әлемдік тәжірибедегі қылмыстық заңнамалардың нормалары зерделеніп, құқықтық заңнаманы бәсекелестікке қабілетті етуге бағытталған біршама өзгерістер енгізілген.

Кодекстің құрылымы өзгерген жоқ, кодекс Жалпы және Ерекше бөліктен тұрады. Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексі 467 баптан тұрады (бұрынғы ҚК 393 бап бар). Қылмыстық жазалардың және қылмыстық жауапкершіліктен босату негіздерінің жаңа түрлері ескерілген Қылмыстық кодекстің Жалпы бөлігі 7 бөлім, 98 баптан құралған (ескі Қылмыстық кодекс 95 баптан тұрды). Ерекше бөлікте 18 бөлім, 369 бап бар (бұрынғы Кодексте 23.04.2014 жылы енгізілген 7-1-тарау. Ақпараттық технологиялардың

қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар тарауын қосқанда 17 бөлімнен құралды), жаңа «Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтар» тарауы енгізілді [1].

Қылмыстық кодекс қорытынды ережелермен толықтырылған.

Басты ерекшеліктердің бірі – Қылмыстық кодексте қамтылған кейбір ұғымдарға түсініктеме берілетін жалпы ұғымдық ақпараттың Қылмыстық кодекске енгізілуі (3-бап).

Теория мен тәжірибеде қылмыстық заңнаманы қолдану барысында көптеген қиындықтар туындауына байланысты аталған норманы жаңа кодексе енгізу дұрыс болып табылады, мәселен, жиі қолданылатын және бірнеше мағынасы бар терминдерді, қолдану барысында аталған норма қарама-қайшылықтар мен проблемаларды жоюға көмектеседі.

Бұрынғы заңнамада мұндай норма көрсетілмеген, мысалы «иеленіп алудың» мағынасын табу үшін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Бөтеннің мүлкін заңсыз иемдену жөніндегі істер бойынша сот тәжірибесі туралы» нормативтік қаулысына жүгінетінбіз.

Ендігі ретте, ҚР ҚК-тің 3-бабында ірі, аса ірі залал және мөлшерден басқа, жеке баптарда қолданылатын айналарлықтай залал және мөлшер, болмашы мөлшер, сонымен қатар денсаулыққа зиян мөлшерінің түрлеріне, елеулі зиян және ауыр зардаптар, денсаулыққа ауыр, орташа, жеңіл зиян келтіру, жымқыру, көлік, басқа механикалық көлік құралдары, болмашы мөлшер, қылмыстық топ, қылмыстық қоғамдастық, лауазымды адам және т.б. көптеген ұғымдардың мағынасы берілген. Барлығы 41 ұғым көрсетілген [1].

Жаңа Қылмыстық кодекспен ҚК 187-бабы «Ұсақ-түйек жымқыруда» көзделген құқықбұзушылықтың жаңа құрамы – теріс қылыққа байланысты болмашы мөлшер ұғымы енгізілген. Болмашы мөлшер – ұйымға тиесілі мүліктің он айлық есептік көрсеткіштен аспайтын немесе жеке тұлғаға тиесілі мүліктің екі айлық есептік көрсеткіштен аспайтын құны.

Қылмыстық кодекстің жаңалықтарының бірі – қылмыстың қоғамға қауіптілік дәрежесі мен жазалаушылыққа байланысты қылмыстық құқық-бұзушылықтың қылмысқа және қылмыстық теріс қылыққа бөліну ұғымының енгізілуі.

Бұл жөнінде Кодекстің 10-бабының 2 және 3 бөліктерінде келесідей анықтамалар берілген:

Яғни, қылмыс деп Қылмыстық кодексте айыппұл салу, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет танылады.

Ал, қылмыстық теріс қылық деп қоғамға зор қауіп төндірмейтін, болмашы зиян келтірген не адамның жеке басына, ұйымға, қоғамға немесе мемлекетке зиян келтіру қатерін туғызған, оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделген, айыпты жасалған іс-әрекет (әрекет не әрекетсіздік) танылады.

Яғни қылмыстық теріс қылықтың өзіне тән негізгі белгілері болуы тиіс:

- әрекет қасақана болуы;
- қоғамға зор қауіп төндірмеуі;
- болмашы зиян келтіру немесе келтіру қауіпін туғызу;
- оны жасағаны үшін айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу түріндегі жаза көзделуі тиіс.

Қылмыстық теріс қылықтар жасағаны үшін жеңілдірек жазалардың түрлерін көзделген, ең бірінші қоғамдық жұмыстарға тарту және қамаққа алу. Сондай-ақ, қылмыстық теріс қылықтың ерекшеліктеріне ескіру мерзімінің қысқа мерзімі (1 жыл) және соттылықтың болмауы жатқызылады.

Жаңа Қылмыстық кодексте барлығы 171 қылмыстық теріс қылық енгізілген. Бұл санатқа онша ауыр емес қылмыстардың 104-і ауыстырылуы – қылмыстық заңның елеулі ізгілендірілгенінің дәлелі болып табылады. Осы 104 қылмыстың 20-сының санкциясында «бас бостандығынан айыру» жазалау шарасы ретінде қолданылса, енді бұл қылмыстарды жасағаны үшін соттылық та болмайтынын атап өту керек.

Ал, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстен 45 әкімшілік құқық бұзушылық толығымен және 13 әкімшілік құқық бұзушылық ішінара қылмыстық теріс қылықтар қатарына жатқызылған [4].

Бұл қылмыстық теріс қылықтар қатарына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтардың көбісі жеке тұлғаға, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, қоғамдық тәртіпке қол сұғатын және отбасы-тұрмыстық саласындағы құқыққа қарсы әрекеттер және т.б. табылады.

Бірқатар әкімшілік құқық бұзушылықтардың қылмыстық теріс қылықтарға жатқызылудың бір себебі – құқық бұзушылық бойынша хаттаманы тез арада толтырып, уәкілетті органға жіберу мүмкін еместігі.

Мысалы, абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан жол жүру ережесін бұзғандығы үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту – тек қана жәбірленушіге қандай залал (ауырлығы орташа немесе ауыр зиян) келтірілгендігін анықтайтын 21 күн өткеннен кейін жүргізілетін сот-медициналық сараптама өндірісінен кейін ғана мүмкін.

Дәл осындай сот-техникалық сараптамаларды құрылыс, магистральдық құбырларды пайдалану немесе жөндеу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу, көлік құралдарын сапасыз жөндеу немесе оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығару деректері бойынша да жүргізу керек [5].

58 әкімшілік құқық бұзушылық қылмыстық теріс қылықтар қатарына жатқызу – жауапкершілікке тартылатын тұлғаның қорғануы құқықтарын күшейтетіні сөзсіз. Бұл деген – қорғаушының міндетті қатысуы – қылмыстық процесстік кодексте көзделген процессуалдық кепілдігінің барлық кешенін қолдану деген сөз.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 40-бабында қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін және қылмыс жасағаны үшін кінәлі адамға тағайындалатын жаза түрлері бөліп көрсетілген.

Енді қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін 4 негізгі жаза түрлері: айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамаққа алу қолданылса, қылмыс үшін 5 негізгі жаза түрлері: айыппұл, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру, өлім жазасы қолданылуы мүмкін.

Қоғамдық жұмыстар және қамаққа алу жазалары тек қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қолданылса, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру және өлім жазалары тек қана қылмыс жасаған адамға қатысты қолданылады.

Қылмыстық теріс қылық және қылмыстар жасағаны үшін санкцияларда негізгі жаза болып айыппұл тағайындалған.

Қылмыстық теріс қылық үшін айыппұлдың шегі жиырма бестен бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейін, қылмыстар үшін – бес жүзден он мың айлық есептік көрсеткіш шегінде, ал Кодекстің 366, 367 және 368-баптарында қаралған қылмыстар үшін айыппұлдың шегі Ерекше бөлімнің баптарына сәйкес санкцияларында бекітілген.

Пара алумен байланысты баптардың санкциясында, 366-бап (пара алу), 367-бап (пара беру), және 368-бап (парақорлыққа делдал болу) айыппұлды есептеу өзгерді, айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) орнына – алынған параны еселеді.

Түзеу жұмыстарын да тағайындау жаңа кодексте өзгеріске ұшырады.

Бұрынғы қылмыстық кодекске сәйкес түзеу жұмыстары 2 айдан 2 жылға дейінгі мерзімге белгіленіп, сотталғанның жұмыс орны бойынша мемлекет табысына жалақысының 5-тен 20-ға дейін пайызын шегерумен ұсталады [2], жаңа кодексте сотталғанның негізгі жұмыс орны бойынша жалақысынан ай сайын мемлекет табысына жалақының 20-дан 40-қа дейінгі пайызы ұсталады [5]. Бұл ретте, теріс қылықтар үшін түзеу жұмыстары 25-тен 500-ге дейінгі айлық есептік көрсеткіш, қылмыстар үшін 500-ден 10 000-ға дейінгі айлық есептік көрсеткішкөзделеді.

Айыппұл және түзеу жұмыстары түріндегі жазаларды орындауды қамтамасыз ету үшін заң шығарушы жазаны ауыр түріне ауыстыру тетігін көздеген.

Осылай, теріс қылық жасағаны үшін айыппұлды төлеуден жалтарған жағдайда, айыппұл бір айлық есептік көрсеткіш үшін қоғамдық жұмыстардың бір сағаты есебімен қоғамдық жұмыстарға тарту не төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бір тәулікке қамаққа алу есебімен қамаққа алуға ауыстырылады.

Қылмыс жасағаны үшін тағайындалған айыппұлды төлеуден жалтарған жағдайда, айыппұл төрт айлық есептік көрсеткіш үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.

Жазаның негізгі түрі – қамаққа алуды енгізу қылмыстық кодекске теріс қылықты енгізумен байланысты. Қамаққа алу мерзімі 30 тәуліктен 90 тәулікке дейін белгіленеді. Қамаққа алу теріс қылық жасағаны үшін тағайындалатын жазаның ең қатаң түрі болып табылады және 2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қамаққа алу кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш және ол жастан асқан еркектерге, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектерге тағайындалмайды. Әскери қызметшілер қамақта болуды гаупвахтада өтейді.

Сонымен қатар, қосымша жазалардың түрлері өзгеріп, жаңа кодекс бойынша мүлкін тәркілеу, арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін.

Мүлікті тәркілеу жазасына халықаралық тәжірибені ескере отыра өзгерістер енгізіліп, жаңа кодекске сәйкес (48 бап), мүлікті тәркілеу – сотталған адамның меншігіндегі, заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлікті, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасау

қаруы немесе құралы болып табылатын мүлікті мәжбүрлеп өтеусіз алып қою және мемлекеттің меншігіне айналдыру болып табылады.

Яғни, бұрынғы кодексте кәнілінің жасаған қылмысының санкциясында мүлікті тәркілеу жазасы көзделген болса, онда оның мүлкі тәркіленуі мүмкін еді, ал жаңа кодекске сай, тек заңсыз жолмен табылған не заңсыз жолмен табылған қаражатқа сатып алынған мүлік тәркіленетін болады.

Қылмыстық заңнаманы ізгілендіру бағытында, қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінің 45 бабының санкциясынан қосымша жаза түріндегі мүлікті тәркілеу жазасы алынып тасталған.

Жалпы, Қылмыстық кодекстің жаңа редакциясы қылмыстық заңнаманы ізгілендіруге және кез келген құқықбұзушылыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексі. Adlet.zan.kz
2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексі. Adlet.zan.kz
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы. Adlet.zan.kz
4. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі. Adlet.zan.kz
5. Новый Уголовный кодекс Республики Казахстан. Газета «Новый регион». 18 августа 2014 г. Adlet.zan.kz

Резюме

В статье рассматриваются новеллы и изменения в новом Уголовном кодексе Республики Казахстан, в том числе введение двухзвенной системы уголовных правонарушений, состоящей из преступлений и уголовных проступков, Общая часть Уголовного кодекса дополненная глоссарием, и виды наказаний.

Resume

The article deals with the novella and the changes in the new Criminal Code of the Republic of Kazakhstan, including the introduction of a two-tier system of criminal offense consisting of crimes and misdemeanors, General Part of the Criminal Code, supplemented by a glossary and punishments.